

Мерейтойдың міндеті



“Абылай салған жол”, “Абылай ханның ақ жолы”, “Абылай асқан асу”, “Абылай шыққан биік”... Біз бұл сөздерді қазір құрастырып отырған жоқпыз, мұның бәрі – ежелден келе жатқан ұғымдар. Мұның сыртында “Абылайдың аһ ұруы”, “Абылайдың түсі”, “Абылайдың өнегесі”, “Абылайдың үлгісі”, “Абылай ханның қарғысы”, “Абылайдың батасы”, “Абылайдың жолы” дейтін тіркестер де бар.

Тарихымызға тереңірек үңілсек, осы тіркестер мен ұғымдардың арғы жағында ұлы үлгі-өнеге жатқанын аңғарасыз. Абылай ханның өнегесі! Абылай ханның үлгісі!

Абылай ханның 30 ұлы болған (қыздарынан бөлек). Тарихшылар қазір осылардың 23-інің аты-жөнін анықтады. 14 жасқа толған ұлдарын (кейбір тарихшылар “13 жасқа толған ұлдарын” дейді) Абылай хан өзі арнайы қабылдап, жан-жақты тексеріп көреді екен. Қазақ еліне, Қазақ ұлысына, Хан ордасына қатысты мәніс-мәселелерді қадап сұрап, бүгінгі тілмен айтқанда, ұлының мемлекеттік масштабта ойлай алатынына, не болмаса ойлана алмайтынына көз жеткізеді екен. Ұлының ой-өресі ауыл-үйден аса алмаса, онда ұлын да, оның ұстазын да (аталық) қатаң жазалайды екен.



Қазіргі қазақтарға түсініктірек болу үшін осы жерде мынаны да айта кету керек сияқты. Ел шетіне жау тигенде, Абылай ханның 30 ұлының барлығы да (14-тен аскандары!) қару-жарағын асынып, сарбаздармен бірге ұрысқа кірген. Ал жазатайым ұрысқа қатынаса алмай қалса ше? Онда ол өлім жазасына кесілген. Ата дәстүр, әскери дәстүр солай! (1537 жылғы Сан-Таштағы соғыста әйгілі қазақ ханы Тоғымның өзінің тоғыз ұлымен бірге қан майданда қаза тапқанын еске түсіріңіз).

Абылай ханның тұсында өзін “еркекпін” деп санайтындардың бәрі де ұлтқа, ұлттың мүддесі мен ұлттың бостандығына қызмет еткен. Олардың бізден, бүгінгі ұрпағынан бір ерекшелігі, олардың санасы тәуелсіз болған. Қазіргідей өзінің балашағасына “Қайтейін, қазақша білмесең де аман жүр, әйтеуір...” деп міңгір-міңгір етпеген...

Біз – санамыз құлданған халықпыз. Халқымыздың 50 пайызы өзге тілде сөйлеп жүрсе де, селт етпейтініміз осыдан. Ал Абылай ханның тұсында қазақтар сергек, бұла, арда, ояу болған (қанша айтқанмен, қазіргідей санасы құлданып мәңгүрттенбеген кезі ғой!). Сондықтан да Абылай ханды зерттеу, Абылай ханның заманын зерттеу – біз үшін аса қажет. Ең алдымен, санамызды сауықтыру үшін қажет.

Біле білсек, Абылай ханның мерейтойы – Тәуелсіздіктің тойы.